



БЕКІТЕМІН

«Экономика және бизнес»

факультетінің деканы

Мақыш М.К.

2025 ж.

ЕРЕЖЕ

«Туризм және сервис» кафедрасы апталығы аясында
бармендер байқауын өткізу туралы

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже «Туризм және сервис» кафедрасы апталығы аясында өткізілетін бармендер байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.
- 1.2. Байқау білім алушылардың мейрамхана және бар сервистері саласына кәсіби қызығушылығын арттыру, сондай-ақ бар ісі саласындағы практикалық дағдыларын дамыту мақсатында өткізіледі.
- 1.3. Байқауды ұйымдастырушы – «Туризм және сервис» кафедрасы.
- 1.4. Байқауға келесі білім беру бағдарламаларының 1–3 курс білім алушылары қатыса алады:
 - «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі»;
 - «Халықаралық туризм»;
 - «Туризм».
- 1.5. Байқау кафедра апталығының бекітілген кестесіне сәйкес күндізгі (офлайн) форматта өткізіледі.
- 1.6. Байқаудың өткізу орны – **Rixos President Astana** қонақ үйі.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- 2.1. Байқаудың мақсаты – бар сервисті саласындағы білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін анықтау және дамыту, бармен мамандығына шығармашылық көзқарас қалыптастыру.
- 2.2. Байқаудың міндеттері:
 - сусындар дайындау бойынша практикалық дағдыларды дамыту;
 - командада жұмыс істеу қабілеттерін қалыптастыру;
 - креативті ойлау мен кәсіби импровизацияны дамыту;
 - қонақжайлылық индустриясының маңызды құрамдас бөлігі ретінде бар ісіне қызығушылықты арттыру;
 - ең дайын әрі талантты білім алушыларды анықтау.

3. Байқауға қатысушылар

- 3.1. Байқауға «Туризм және сервис» кафедрасының білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардан құралған командалар қатысады.
- 3.2. Әр команданың құрамы – **4 адам**.
- 3.3. Командаларды қалыптастыру және қатысу шарттары Байқау ұйымдастырушыларымен айқындалады.
- 3.4. Команда мүшелері байқау тапсырмаларын бірлесіп орындайды және нәтижелер үшін ұжымдық жауапкершілікке ие болады.

4. Байқауды өткізу тәртібі мен кезеңдері

- 4.1. Байқау үш турдан тұрады.
Бірінші тур – «Коктейльдер дайындау»
- 4.2. Бірінші турда командалар белгіленген шарттарға сәйкес коктейльдер дайындайды

(классикалық немесе авторлық – ұйымдастырушылардың шешімі бойынша).

4.3. Қатысушыларға стандартты жабдықтар мен ингредиенттер жиынтығы ұсынылады.

4.4. Бағалау критерийлері:

- сусынның дәмдік қасиеттері;
- рецепттің бірегейлігі;
- ұсынылу эстетикасы;
- командалық жұмыс;
- санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау.

Екінші тур – «Блиц-сұрақтар»

4.5. Екінші турда қатысушылар бар ісі, мейрамхана сервистері, кәсіби терминология және қызмет көрсету стандарттарына қатысты сұрақтарға жауап береді.

4.6. Бағалау критерийлері:

- жауаптардың дұрыстығы;
- жауап беру жылдамдығы;
- кәсіби білім деңгейі.

Үшінші тур – «Қара жәшік»

4.7. Үшінші турда қатысушыларға құрамы алдын ала хабарланбайтын ингредиенттер жиынтығы бар «қара жәшік» ұсынылады.

4.8. Командалардың міндеті – тек ұсынылған ингредиенттерді пайдалана отырып коктейль дайындау.

4.9. Бағалау критерийлері:

- креативтілік;
- дәм үйлесімділігі;
- импровизация жасау қабілеті;
- сусынды таныстыру (презентация).

5. Бағалау критерийлері

5.1. Командалардың өнер көрсетуін байқау комиссиясы (қазылар алқасы) бағалайды.

5.2. Негізгі бағалау критерийлері:

- сусын дайындау технологиясын сақтау;
- дәмдік қасиеттері;
- ұсынылу эстетикасы;
- бірегейлік пен креативтілік;
- командалық өзара әрекеттестік;
- қауіпсіздік ережелері мен санитарлық нормаларды сақтау.

5.3. Әр турдың қорытындысы бойынша командаларға ұпайлар беріледі.

Жалпы нәтиже барлық турлар бойынша жиналған ұпайлардың қосындысымен анықталады.

6. Қорытындылау және марапаттау

6.1. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері ең көп ұпай жинаған командалар бойынша анықталады.

6.2. Жүлделі орын алған командалар дипломдармен және (немесе) естелік сыйлықтармен марапатталады.

6.3. Қазылар алқасының шешімімен қосымша номинациялар тағайындалуы мүмкін.


7. Қорытынды ережелер

7.1. Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

7.2. Байқау ұйымдастырушылары қажет болған жағдайда осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу құқығын өздеріне қалдырады.

7.3. Осы Ережеде қарастырылмаған мәселелер Байқау ұйымдастырушылары тарапынан жұмыс тәртібінде шешіледі.

Кафедра меңгерушісі
«Туризм және сервис»



Жунусова А.А.